Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

# Азаттық аңсаған армандастар

Тәуелсіздік - қазақ халқының ең үлкен жетістіктерінің бірі. Желтоқсан оқиғасы барлық қазақ үшін ауыр тиген оқиға.

1986ж қазақ жастары көтеріліске шығады, халқымыздың болашағы үшін қан төгіп, азаттықты аңсайды. Бұл оқиға - мәңгі тарихта қалады. Жастардың тәуелсіздік үшін жалындаған намыстарын айтсақ, үлкен ерліктердің бірі. Қазіргі кезде осындай тәуелсіз, бейбіт, азат елде өмір сүріп жатқанымыздың өзі сол кісілердің арқасы. Қайрат Рысқұлов сияқты ағаларымыздың рухы қазіргі кезде аз деп ойлаймын. Азат өмір сүру адам өмірімен тең болуы өте қайғылы нәрсе. Біз - қазіргі кездің жастары, осы тәуелсіздік жолында күрескен аға-әпкелерімізді ұмытпауымыз керек. Бұл - үлкен тарих. Сол кездегі жастардың тек бір арман-мақсаттары болды, ол - тәуелсіз мемлекет. Менің сол кісілерге алғысым шексіз. Ер ерлігі - ел есінде демекші, біз сол оқиғаны кейінгі ұрпаққа да айтып, насихаттауымыз керек деп ойлаймын. Келесі кезекте біз қазақ халқы. оңай жолмен келмеген азаттық үшін. қазақ болмысын, тілін, тарихының ұмытылуына жол бермеуіміз қажет. Қазақ деген атты қазіргі кездің жастары әлемдік деңгейге шығарып жүр, бұл үлкен мақтанышымыз. Сол кездегі тәуелсіздік үшін өмірлерін қиған аға-әпкелеріміз, осы жетістікті көрсе риза болар еді деп ойлаймын. Қазақ ерлерімен қалыспай шыққан қазақ қыздарының азаттықтың құрбаны болғандарын есту өте қиын. Тәуелсіздігімізді 1991ж алып, азат, бейбіт мемлекет болдық. Ұлттық жетістігіміздің оңай жолмен келмегенін ешқашан ұмытпауымыз керек. Сол кездегі қазақ халқының қазіргі кездегі қазақ халқының өмір сүру деңгейлері өзгерді. Оны салыстыра кетсек, мысалы, бұрындары көп адамдардың пікірлерімен қалауларын ешкім елемейтін. Ал қазіргі кезде әр адамның жеке құқығы бар. Және сол құқығын қорғау мүмкіндіктері бар. Бұның бәрі тәуелсіздігіміздің арқасы.



АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

(~~Осымен~~) Осымен өз ойымды қорытындылай кетсем, тәуелсіз мемлекет болып, азат өмір сүріп, барлық ұлт өкілдерінің тең құқықты болды осы Желтоқсан оқиғасында азаттық аңсаған жастарымыздың арқасы. Мәңгі тарихта қалатын оқиға.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ